



ЖАЗЫМ ӨТІП БАРАДЫ, ЖАЗЫМ ӨТІП ...

Қасиетті Нұраның топырағында туып өскен ақын Тезекбай Амандықұлы ағамыз 70 жасқа толып отыр. Өлең жазуды мектеп қабырғасында бастап, алғашқы жырлары мерзімді баспасөз беттерінде жарияланып жүрді. Бұл үлкен өнер жолына, поэзия әлеміне деген алғашқы баспалдағы еді.


Бүгінде ағамыз Шет өңіріне, әрісі облысымызға кеңінен танымал ақын. Өмірден түйгендерін, пәлсапалық ойларын өлеңмен өрнектеген ақын ағамыздың шығармаларымен жыр сүйер қауым жақсы таныс. Бірнеше жыр жинақтары жарық көрген.

Бүгінде 70 жасқа толып отырған ақын ағамызды мерейтойымен құттықтай отырып, әр жылдары жазылған жырларын оқырман назарына ұсынамыз.

Тезекбай Амандықұлы Қарағанды облысы, Шет ауданының Сталин атындағы колхозында (Кеншоқы ауылы) 1950 жылдың 1 қыркүйегінде дүниеге келген.

1968 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. 1969-1973 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде оқып, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығын алып шыққан. 1973-1975 жылдары Кеншоқы ауылындағы орта мектепте мұғалім, 1975-1977 жылдары аудандық оқу бөлімінің инспекторы, 1977-1981 жылдары Ақши негізгі мектебінің директоры болып қызмет атқарды. 1981-1992 жылдары аудандық білім бөлімінің методисі, инспекторы болды. 1992-1997 жылдары аудандық әкімдіктің маманы, тілдерді дамыту бөлімінің жетекшісі лауазымдарын атқарды.

1997 жылдан зейнеткерлікке шыққан 2018 жылға дейін білім бөлімінің кадр жөніндегі маманы, білім, ғылым қызметкерлері кәсіподағының аудандық Кеңесінің төрағасы болды. Өзінің 40 жылдан астам еңбек жолында бірнеше рет аудандық, облыстық білім басқармаларының, аудан әкімінің, Білім Министрінің мадақтана грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталды. Ол - «Қарағанды облысының білім саласын дамытуға еңбегі



меттік және түйінді мәселелер жайлы өз ойларын білдіретін бірнеше публистикалық шығармалар мен мақалаларын аудандық, облыстық басылымдарда жүйелі жариялап келе жатқан қаламгер ретінде де танымал.

Сонымен бірге, Тезекбай Амандықұлы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қолға алынып, қайта жаңғырған айтыс өнеріне де өз үлесін қосты. Ол 1983-1988 жылдар аралығында Жезқазған облысында өткізілген

Өтіп жатыр арғымақтай желіп күн,
Көбі кетті жетегінде желіктің.
Қанша ғұмыр қалды алдыда - белгісіз...
Белгілісі - жетпіске де келіппін.

Демесем де «кеудемді окқа төседім», -
Көрсетті Өмір кесапатын, кеселін.
Жетпіс жылда не тындырдым дегеннің
Шығара алмай тұрмын қазір есебін.

Рас, қанша солдым, қайта көгердім,
Көштің нарын әр төбеге шөгердім.
Алардай-ақ алғандаймын несібе,
Ал, еліме есте қалар не бердім?

Көп еді ғой асқақ арман-жоспарым,
Бар ма менің ұлы көшке қосқаным.
Қара шаштай сиреп қалған бастағы
Неге сиреп қалды қимас достарым?

Жыл-жыл сайын қоюланып баста мұң,
Күңгірт тартып кеткендей ме аспаным,
Әр таңымнан бұрын үміт күтер ем,
Енді әр күннен қауіп күте бастадым.

Шайдай ашық емес пе еді кеше күн
Неге бүгін боз тұманды кешемін?
Қосуы мен алуы көп жетпіс жыл...
Шығара алмай қойдым орта есебін!

...

Өзен десек Өмірді толқып аққан,
Біз пенде әр қайықта қалқып аққан.
Бірін ерте, бірін кеш тосып алған
Келместің кемесі тұр - жалпы қақпан.

Әр белесің өмірде қайық сынды,
Мойындамау шындықты айып сынды.
Кімдер қанша қайықты ауыстырды

Қырау қатқан жүрекке қаралы сәт,
Бақытты шақ жалындап есі кеткен.

Туған елің құшағын бесік еткен,
Алақаны самалдай есіп өткен...
Аяғыңнан тұзақтап, ұзатпаған
«Достарың ба» дұшпандай өші кеткен?!

Солай, досым, көп көргем, тесік өкпем,
Ғашық ем ғой Өмірге есі кеткен!
Уайымсыз, алаңсыз күн өткеру -
Мынау келте ғұмырдың бәсі деп пе ең!

Пендесіне жіберген Иесі көктен,
Өтер ғұмыр біздерге нәсіп еткен...
Сондықтан да киелі абыздарым:
«Жалған дүние, жалған-ай», - десіп өткен!

01.11.2016



КӨҢІЛДІҢ КЕЙБІР СӘТТЕРІ

Арманыңды тек Үміт өлтірмеген,
Көңілге күдік-күмән келтірмеген.
Үмітің үзілгенде алапаттай
Соғады бір ызғырық желді үрлеген.

Сол шақта ауыр ойдан серпілмегем,
Күл-талқан болғандай-ақ сертім-берен.
Көңілім алақұйын күн кешеді
Дауылмен туырлықтай желпілдеген...

Күш жинап, ойыма тың серпін берем,
Үміттің сәулеленген көркін көрем.
Сол сәтте азаттанып, еркіндер ем,
Арудай алашына төркіндеген!

Сол шақта билер менің еркімді өлең,
Дауам да, тағдыр берген дертім де - Өлең!
Өлеңім - құтқарушымын, азабым да -
Мен соның алаулаған өртіңде өлем!

10.12.2016



ҚОСАҒЫМ

Мені саған, сені маған тап қылып,
Тағдыр өзі тілегендей сәттілік.

сіңген қызметкер», «Қазақстан білім, ғылым қызметкерлері кәсіподағының үздігі», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің «Б.Алтынсарин» медальдарының иегері.

Шығармашылықпен, оның ішінде өлең жазумен мектеп оқушысы кезінен айналыса бастаған. Алғашқы балауса өлеңдері сол кездегі аудандық газет «Ильич туында» 7-сыныпта оқып жүрген 1965 жылы жарық көрген. Содан бері ол аудандағы шығармашыл азаматтармен, ақын-журналистермен тығыз байланыста болды. Оның өлеңдері аудандық, Жезқазған, Қарағанды облысық «Жезқазған туы», «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланып келді. Сондай-ақ, «Сарыарқа саздары» атты Жезқазған облысы ақындарының жинағына, «Шет ауданы ақындарының антологиясы» жинағына бірнеше шығармалары енгізілді. Республикалық «Қасым», «Ақиқат». «Балауса» журналдарына топтама өлеңдері жарияланды. 2000 жылы ақынның жеке өлеңдер жинағы «Сәулелі мезет» деген атпен жарық көрді.

2015 жылы «Ел іші - жұмақ мекенім» атты екінші кітабы баспадан шықты. Сол жылы Қарағанды облысы әкімшілігінің бастамасымен «Сарыарқа кітапханасы» 100 томдық сериясының «Жетіген» аталатын жинағына топтама өлеңдері енгізілді. Ол, сонымен қатар, өзінің қаламдас-тары, замандастары мен ел ағаларының өнегелі өмірі мен қызметі жайлы, қоғамдағы әлеу-

«Байқоңыр даусы», «Ұлытау үні» фестивалі аясындағы айтыстарға қатысқан алғаш дипломанттардың бірі болды.

Аудан көлеміндегі мәдени шаралардың өтуіне, талантты жас ақындарды іріктеп, олардың өнерлерінің ұшталуына ықпал етті. Қазіргі танымал ақындар Тілеген Садықов, Жәнібек Әлиман, Жанас Мұқашевтардың өнерін оқушы кезінде бағалап, олардың облыстық, республикалық байқауларға қатысып, өнерлерін дамытуына игі ықпал етті. Олардың әрқайсысы Тезекбай Амандықұлын рухани ұстазымыз деп бағалайды.

Тезекбай Амандықұлы 1972 жылы Нажмеденова Бахытжан Секербайқызымен отау құрды. Бақытжан Секербайқызының да мамандығы мұғалім, ұзақ жылдар мектептерде, аудандық білім бөлімінде қызмет етті. Алты бала тәрбиелеп өсірген. Балаларының барлығы жоғарғы оқу орындарын бітірген, түрлі мамандық иелері. Үш ұлы мен бір қызы Қарағанды қаласында тұрады, ұлдары жеке кәсіпкерлер. Бір қыз баласы Жезқазған қаласында, ішкі істер саласында қызмет етіп, зейнетке шықса, енді бір қыз баласы Нұр-Сұлтан қаласында ірі холдингте, кенже қызы Қарағанды қаласында есепші болып қызмет істейді.

Бүгінгі таңда балаларынан 11 немере, 13 жиен сүйіп отырған бақытты жандар. Немерелерінің алды жоғарғы оқу орындарын, колледждерді бітіріп, еңбек етіп жатыр.

Жеткенде сол кемеге тайып тұрды!

Демеспін біразғұмыр тауыстым мен,
Өттім жүріп жазықпен, тау үстімен.
Он жылды бір қайық деп есептесек,
Жетінші қайығыма ауыстым мен.

Демеші ойымды бұл шалыс, бөтен,
Болады саған да ертең таныс, көкем.
Ал, жетінші қайығым желкен керді
Келместің кемесі енді алыс па екен?!



ЖАСТЫҚТЫ АҢСАУ

Шалқыған жалын күндер сағым қуып,
Алардай асқарларды бағындырып.
Арынды арғымақтай асау шақтар,
Кеттің-ау оралмасқа сағындырып...

Өрт кезең кеттің ауып бастан оңай,
Арғымақ жылдар артқа тастағаны-ай!
Жалынын жел өшірген өрт секілді
Жүдетіп көңілімді, жасқағаны-ай!

Есесін жібермейтін көлдененге,
Кәусарды оңай табар шөлдегенде.
Шаң қауып қайран басым қала берді
Ілеспей көңіл дейтін көк дөненге.

Өмірің басқа арнаға бетін бұрып,
Көңілді өксітті ғой жетім қылық.
Әттең-ай, бұла шағым сездірмепті-ау,
Өтерін опындырып, өкіндіріп!

Аңсаттың, аңсаттың ғой, арманды шақ,
Жайыпсың аз уақыт жалған құшақ!
Өткізіп көктем, жазды, күзге ұрындым,
Тоналған қазан ұрып, орман құсап!

...

Бел-белестер, асулар асып өткен
Жол-соқпақтар артында басып өткен.
Өмір дейтін - қас қағым өткен шағын,
Тіршіліктің бар мәні осы деп пе ең?!

Байлық, бақыт Жаратқан нәсіп еткен,
Бізғарлы шақ өкпенді тесіп өткен...

Жарты ғасыр бірге кешіп келеміз
Бір мұнайып, қуансақ бір шат күліп.

Кездерім көп шалықтаған, тасынған,
Қилы сәттер өткіздім-ау басымнан.
Қас көбейіп, дос азайған сәттерде
Өзің болдың табылған тек қасымнан.

Аларымды алмай мынау ғасырдан,
Кездерім көп маңдайымды тас ұрған.
Сүрінгенде күнәмді де жасырған,
Жақсымды да өзің ғана асырған.

Бұраңы мол жолдар алға тартып нық,
Кейде ғұмыр көрсеткендей мәрт қылық.
Алла берген ұрпағымды өрбітіп,
Байлығымды жіберген - Сен арттырып!

Жалаң сезім шырмамай-ақ бос әнін,
Қоса көрдік қуанышты, қоса мұң.
Тілекшім боп келе жатқан жанымда
Өзіңе шын алғыстымын, қосағым!



Жазым өтіп барады, жазым өтіп,
Жазбен бірге көңілдің назы кетіп.
Ит тірліктің кешем деп тауқыметін
Сан сауалды санаға азық етіп,
Арманымды алыппын жазым етіп!

Жазым өтіп барады күзге ауысып,
Қысқа күнде мұңменен жүз қауышып.
Жалғандықпен алысып, жанымды жеп,
Даңғыл жолым көмескі ізге ауысып,
Жазым өтіп барады күзге ауысып!

Жазым өтіп барады, қызу кеміп,
Қайтар жолда тенселдім, түзу келіп.
Сырт айналар деппін бе сырбаз уақыт,
Тұра берер секілді жүзін беріп!
Жазым өтіп, қалған-ау күзім келіп!

